

**«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережені
бекіту туралы жобасының
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына, негізінде Баянауыл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы «Баянауыл ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесін «Баянауыл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөлу жолымен қайта ұйымдастыру туралы №4/01 қаулысына сәйкес.

Жобаны қабылдау мақсаты бюджетті атқару, аудандық коммуналдық меншікті басқару бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселелерінде бірыңғай саясатты жүзеге асыру.

Шешімді іске асыру жергілікті бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Шешім жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарға әкеп соқпайды. Қаулы жобасы Электрондық Үкімет порталының Ашық НҚА бөлімінде орналастырылады.

**Аудан әкімдігінің
ҚАУЛЫСЫ**

Баянауыл ауылы

№ _____

2025 жылғы «__» _____

**«Баянауыл ауданы қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Баянауыл ауданы қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. «Баянауыл ауданы қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын;

осы қаулыны Баянауыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шаралар қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Баянауыл ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі**А. Ксентаев**

**«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
Е Р Е Ж Е С І**

1. Жалпы ереже

1. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген шекте бюджетті атқару, аудан бюджетінің орындалуы жөнінде бюджеттік есеп және есептілікті жүргізу, аудан коммуналдық меншікті басқару және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу мәселелерінде бірыңғай саясатты жүзеге асыру салаларында аудандық деңгейде басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік орган болып табылады.

2. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөр таңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық кәсіпорында есеп шоты бар.

5. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің штат санының лимиті және құрылымы қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Орналасқан жері: 140300, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 34 үй.

Жұмыс тәртібі:

аптаның дүйсенбі жұма күндері аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс жасайды. Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30 аралығында. Сенбі, жексенбі күндері демалыс күндері болып табылады.

10. Мемлекеттік органның толық атауы

мемлекеттік тілде - «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - Государственное учреждение «Отдел финансов Баянаульского района».

11. Осы Ереже «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшы құжаты болып табылады.

«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Баянауыл ауданының әкімдігі ретінде мемлекет болып табылады.

12. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары:

1) Аудан деңгейінде бюджеттік қатынас, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алуды, қаржылық және бюджеттік есептілікті және қаржы бөлімінің қаржыландыру жоспарын жүргізу, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық және бюджеттік есептілік саласындағы заңнамасына сәйкес есептілікті ұсыну;

2) Аудан бюджетінің орындалуы бойынша ай сайынғы мониторинг;

3) Баянауыл ауданы бойынша бюджетті орындау жөнінде мемлекеттік саясатын іске асыру;

4) Бөлім құзыретіне кіретін Баянауыл ауданы әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындау;

5) ауданның коммуналдық меншік объектілерін нысаналы және тиімді пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

6) Аудан коммуналдық мемлекеттік меншігі жөнінде мемлекеттік саясатын іске асыру.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- аудан әкімдігі мен әкімінің қарауына аудан бюджетінің атқарылуы, бюджеттің атқарылуы бойынша бюджеттік есепке алу мен есептілікті жүргізу, аудандық коммуналдық меншікті басқару, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің мониторингін жүргізу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

- «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша Мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, ұйымдардың және азаматтардың келісімі бойынша белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

- жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын басқа атқарушы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімі бойынша жұмысқа тарту;

2) міндеттері:

- өз құзыреті шегінде шарттар мен келісімдер жасасу;

- шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резервінен ақшалай қаражат бөлу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беруге;

- коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс үлесін жергілікті бюджеттерге аударуының толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктердегі мемлекеттік үлестерге кірістің және аудандық коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің есептелуіне бақылауды жүзеге асыру;

- аудан бюджетінің орындалуы, ауданның коммуналдық меншігін басқару, Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды жинақтау және әзірлеу;

- бағдарлама әкімшілері ұсынған есептік деректердің дұрыстығын тексеру;

- мемлекеттік органның құзыреті шегінде аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын әзірлейді;

- кейіннен сатып алу құқығынсыз, кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқару шарттарының орындалуын бақылауды, сондай-ақ мемлекеттік коммуналдық мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу), оның ішінде көрсетілген шарттар бойынша талап ету құқығымен жүзеге асыру;

- ауданның коммуналдық меншігін, сондай-ақ аудандық коммуналдық меншікке жекелеген негіздер бойынша түскен мүлікті басқару.

16. Функциялар:

1) Бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің бюджетті орындау бойынша қызметін үйлестіру;

2) Бюджетті орындау саласында әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

3) Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру және түсімдер жиынтық жоспарларын жасау және бекіту;

4) Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру және түсімдер жиынтық жоспарларына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу. Мемлекеттік мекемелердің өтініштері бойынша мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу;

5) Аудан бюджетінің орындалуын ұйымдастыру;

6) Бюджеттік мониторингті іске асырады, бюджеттік мониторингінің нәтижесі бойынша аудан бюджетінің орындалуы туралы аналитикалық есепті қалыптастыру;

7) Мемлекеттік органдардың бюджеттік қаражытының басқару тиімділігінің бағалауын жүзиге асыру. Мемлекеттік органдардың бюджеттік қаражытының басқару тиімділігінің бағалауын нәтижесі туралы қорытындысын жасау;

8) Аудан бюджетінің орындалуы туралы есепті жасау;

9) Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) өткізу бойынша түсім және шығындар жоспарлары туралы есепті жасау, аудан бюджет бойынша демеушілік қайырымдылық көмектен түскен және қаражатты жұмсау туралы есепті жасау;

10) Аудан бюджетінің дебиторлық және кредиторлық берешек туралы есепті дайындау;

11) Жергілікті атқарушы органының резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімдігінің қаулысының жобасына қорытындысын әзірлеу;

12) Жергілікті атқарушы органның резервінен қаражаттың пайдаланылуын есепке алу және талдау;

13) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес аудандық бюджетінде қарастырылған қаражат арқылы жергілікті атқарушы органының берешек бойынша қызмет көрсету және өтеу;

14) Аудан бюджетінен ұсынылған бюджеттік кредиттер бойынша есеп және мониторинг жасау;

15) салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізеді;

16) аудан бюджетіне салықтық және салықтық емес түсімдердің есебін жүргізеді;

17) аудан бюджеттің орындау бойынша Павлодар облысы қаржы басқармасына, жергілікті атқарушы және өкілді органдарына белгіленген тәртіпке сәйкес есептерді ұсыну;

18) аудан бюджетінің орындалуы туралы атқарушы және өкілетті органның нормативтік актілерінің жобаларын әзірлеу;

19) жергілікті өзін-өзі басқарудың ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарын бақылау;

20) бюджетке қосымша резервтерді іздестіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

21) коммуналдық заңды тұлғалардың және мемлекеттік қатысы бар заңды тұлғалардың реестрін жүргізуін қамтамасыз ету;

22) коммуналдық мүлік реестірін толықтыру және түзетуін қамтамасыз ету;

23) Аудан коммуналдық меншіктегі объектілерді жекешелендіру бойынша аудан әкімдігінің актілерін дайындау, аудан коммуналдық меншігін жекешелендіруін жүзеге асырады, жекешелендіру объектілердің бағалауын қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектілердің сатып алу-сату келсім шарттарын дайындап және жасасу, сатып алу-сату келсім шарттардың талаптарын сақталуын бақылау;

24) аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ауданның жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;

25) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес аудан коммуналдық мүлікті жекешелендіру жөнінде жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымын анықтау рәсімдерін өткізу;

26) Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды және мекемелерді мемлекеттік қатысуы бар заңды тұлғаларды құру, қайта құру, таратуларына қатысу;

27) Жарғылық капиталында қатысу үлесі аудан әкімдігіне тиесілі жаупкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушылардың арасында таза кірісті бөлу жөнінде бақылау жасау;

28) Аудан коммуналдық заңды тұлғалардың арасында аудан коммуналдық мүлікті бекіту бойынша іс-шараларды өткізеді, тиісті қабылдау тапсыру актілерін бекіту;

29) Аудан коммуналдық мүлікті мүліктік жалға (жалдауға) беру, кейіннен сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға беру жөнінде іс-шараларды өткізу;

30) Мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру және қабылдау бойынша, мүлікті жеке меншіктен мемлекеттік меншігіне қабылдау бойынша, жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен мүлікті пайдалану бойынша іс-шараларды өткізу, тиісті қабылдау тапсыру актілерін бекіту;

31) жекелеген негіздер бойынша коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, сату және одан әрі пайдалану бойынша саудасаттықты ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады;

32) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерді, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды құруға, оларды қайта ұйымдастыруға, таратуға қатысады;

33) Баянауыл ауданында өткізілетін тауарларды, қызметтерді, жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша есептерді жинау, талдау, жинағын жасау;

34) Өкілетті органдармен мемлекеттік сатып алу сұрақтар жөнінде өзара әрекет ету;

35) Аудан әкімнің тапсырмаларын, аудан әкімдігінің, әкімнің актілерін орындау және орындауын ұйымдастыру;

36) Бұқаралық ақпарат құралдар арқылы жұртшылықпен байланысты орнатып үнемі дамыту;

37) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметінің жоспарларын әзірлеу;

38) Мемлекеттік мұрағатқа құжаттарды сақтандыру және тапсыру, іріктеу және тұрақты сақталуадағы істерді әзірлеу және жою жұмыстарын атқару;

39) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Баянауыл ауданының мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысы болып табылады және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізеді

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне өз қызметін жүзеге асыруға және «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді орындауға және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапті болатын бірінші басшы басшылық жүргізеді.

18. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Баянауыл ауданы әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

20. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жалпы басқару жұмыстарын атқарады, жауапты қызметкерлердің арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметтерін үйлестіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлім қызметкерлерін көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

4) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіне қатысты құжаттарға рұқсатнама және қол қояды;

5) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жергілікті атқарушы және өкілетті органдарымен өзара байланысын ұйымдастырады;

6) Бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда бөлімді ұсынады;

8) бөлім құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) бөлімнің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

10) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілері қызметінің тиімділігіне ай сайын бағалау жүргізеді;

11) «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша міндеттердің орындалуы үшін жеке жауап береді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және жергілікті атқарушы органмен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны ауыстыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы сектор меңгерушісі мен мамандардың өкілеттілігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22. Құрылтайшы «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қаржылық және шаруашылық қызметіне, берілген мүліктің тиімді пайдалануына және сақталуына бақылау жасайды, Ережесін бекітеді және оған өзгерістер енгізеді, басшының міндеттері мен құқықтарын және жауапкершілігін, оны қызметінен босату негіздерін белгілейді.

«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі әкімшілігі мен «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері арасындағы әлеуметтік-еңбек және кәсіби қатынастарды реттеу Қазақстан Республикасының еңбек және мемлекеттік қызмет заңнамаларына сәйкес және ұжымдық келісімге, кәсіподақ ұйымы арқылы жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

«Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі меншік иесінің берген мүлкі есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінен алынған мүлік (қаржылық кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған басқа да көздерден алынған мүлік есебінен қалыптасады.

24. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды
қайта ұйымдастыру және тарату**

26. «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Бөлім таратылған (таратылған) кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.